

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 5 қарашадағы № 231 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағының 10) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 15 жыл мерзімге КТТМ-335 Тимирязев-Докучаев автомобиль жолына қызмет көрсету үшін жалпы ауданы 17,2991 га жер учаскесіне жария сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Жаров